

Іс-тәжірибе

«Қазақ және шет тілдер» кафедрасының іс-тәжірибе ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстары:

1. 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру Стандарты мен 2013 жылғы типтік оқу бағдарламасына сәйкес оқу тәжірибесі 1, 2, 3, 4 курстарға ұйымдастырылған. 1 курста танысу, 2 курста оқу, 3 курста өндірістік іс-тәжірибе, 4 курста диплом алды іс-тәжірибе өтеді.

2. Оқу жылының басында әр тәжірибе түрінің ерекшеліктері ескеріліп, студенттер үшін тәжірибеден өтуге арналған бағдарлама, әдістемелік нұсқаулар, ережелер талқыланып факультеттің ғылыми –әдістемелік кеңесінде бекітіледі.

3. Келесі қадам тәжірибеден өту базаларын анықтау, келісім шарттар түзу. 2014-2015 оқу жылынан бастап **«Қазақ және шет тілдер»** кафедрасында үш оқу жылына төменгі кәсіпорындармен студенттердің іс тәжірибеден өту бойынша келісім шарттар түзілген.

4. Бұл базаларға әр оқу жылында студенттердің өз қалауларына және кәсіпорындардан түскен сұраныстарға байланысты өзгерістер енгізіліп тұрады.

5. Студенттерді тәжірибеге жіберу алдында ұйымдастыруға арналған отырыс өтеді және базаларға бекіту студенттің таңдаған диплом жұмысының тақырыбына сәйкестіріледі.

6. Тәжірибе өту барысында жауапты оқытушы студенттерді тексеріп, өту орнындағы жетекшімен тығыз байланыста пікір алмасып отырады.

7. Кафедра мәжілісінде тәжірибе есебін қабылдау кестесі, комиссия құрамы белгіленіп өкім түзіледі.

8. Тәжірибеден өту нәтижесі бойынша конференция ұйымдастырылып өткізіліп тұрады. Конференцияда теория мен практиканы ұштастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар қабылданады.